

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

**Базалық (тірек)
конспекттер**

«Саясаттану және әлеуметтану негіздері» пәні бойынша

0701000 – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»

0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»

0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»

0704000- « Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»

1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»

мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән
бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № 4 дан «4» XII 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.



Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 2018 жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 2019 жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары  Минаева Н.Т.



Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1
Қортынды бақылау - сынақ

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

Базалық (тірек) конспекттер

«Саясаттану және әлеуметтану негіздері» пәні бойынша

0701000 – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»

0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»

0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»

0704000- « Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»

1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»

мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән

бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № __ дан «__» _____ 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.

Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 20__ жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 20__ жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары _____ Минаева Н.Т.

Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1

Қортынды бақылау - сынақ

Мазмұны

№ р/с	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Бет
1	Саясаттану-саясат туралы ғылым және пән. Саясаттану ғылымының тарихы оқыту құралы ретінде	4
2	Саясат-қоғамдық құбылыс ретінде	6
3	Саяси билік. Мемлекет және билік.	8
4	Саяси жүйе және саяси тәртіп	10
5	Саяси тәртіп түрлері	13
6	Саяси институттар	15
7	Саяси партиялар және партиялық жүйелер	17
8	Саясат субъектілері	19
9	Саяси көшбасшылық	21
10	Тұлға саясаттың субъектісі ретінде. Адам және саясат.	23
11	Халықаралық саясат және халықаралық қатынастар	26
12	Қазіргі халықаралық қатынастарды дамытудағы негізгі үрдістер	29
13	Әлеуметтанудың ғылым ретінде пайда болуы және қалыптасуы	32
14	Қазіргі әлемдегі адамның мәселелері мен міндеттері	34
15	Әлеуметтанудың негізгі түсінігі.	37
16	Әлеуметтік жалпы зерттеулер	38
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	41

**Сабақтың тақырыбы: №1: Саясаттану-саясат туралы ғылым және пән.
Саясаттану ғылымының тарихы оқыту құралы ретінде.**

Жоспар:

1. Саясаттану пәні, негізгі ұғымдары мен құрылымы, әдістері мен қызметтері.

2. Саяси ойдың даму тарихы.

Саясаттану пәні, негізгі ұғымдары мен құрылымы, әдістері мен қызметтері.

Саясатты адам мен адамзаттың мүдделеріне бағындыру оны ғылыми тұрғыда түсінусіз мүмкін емес. Адамзат саясат туралы ғылыми білімдерге деген қажеттілікті әрқашан сезінді. Сондықтан саясат туралы ерекше ғылым, саяси ғылым, саясаттану заңды түрде пайда болып, қалыптасты. Бұл ұғым екі грек сөзінің негізінде құралған: **politike** – мемлекеттік және қоғамдық істер және **logos** - ілім – сөзбе-сөз саясат туралы ғылым.

Саясаттану – бұл адамдардың саяси қатынастары мен саяси әрекеті туралы, саяси жүйелердің даму заңдылықтары туралы, саяси биліктің мәні, формалары мен әдістері туралы ғылым.

Саясаттанумен қатар, саясаттың қандай да бір тұрғыларын зерттеумен саяси философия, саяси әлеуметтану, саяси психология және т.б. сияқты өзге ғылымдар айналысады.

Саясаттануда өз пәнін зерттеу үшін әдістер мен қызметтердің кең спектрі қолданылады.

- 1) Диалектикалық әдіс – саяси теорияның жалпы ұғымдары мен санаттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді, саяси шындықты зерттеудің ең жоғары деңгейі болып табылады.
- 2) Әлеуметтік әдіс - әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері, статистикалық мәліметтер саясат саласында тәжірибелік қолданысқа ие болады.
- 3) Жүйелік әдіс – талдаудың негізінде күрделі динамикалық және кешенді, біртұтас құбылыс ретінде саясатты қарастыру тәсілі.
- 4) Салыстырмалы әдіс – ұқсастық қырлары бар, біртекті саяси құбылыстарды салыстыру.

Саяси ойдың даму тарихы.

Саясат әлемін арнайы (протоғылыми) бейнелеу мен саналы түсінудің алғашқы формалары 2,5 мың жыл бұрын қалыптасты және негізінен діни-мифологиялық формада болды. Олардың негізін биліктің тамаша жаралуы мен ұйымдастырылуы туралы идеялар құрды.

I-ші мыңжылдықтың ортасынан бұл үрдіс ең алдымен Конфуцийдің, Платонның, Аристотельдің шығармашылығымен байланысты.

Мысырды саяси ойдың ежелгі жаратушысы деп орынды есептеуге болады. Птах құдайының – дүниедегінің барлығын жаратушы-құдайдың абыздары – Маат өзінің «Мемфистік діни трактатында» сол дәуірдің өзінде қоғамдық тәртіп пен ақиқатты орнатудың нәтижесі ретінде – мемлекет пен биліктің мәніне түсіндірме берді.

Қытайда бұл ең алдымен конфуциандық, даосизм, моизм және легизм (фацзя) – б.з.д. 6-5 ғғ.

Аяқталған және қалыптасқан күйдегі алғашқы теориялық әлеуметтік-саяси концепциялар дамыған құлиеленушілік қоғамда пайда болды және негізінен көне грек және көне рим ойшылдарының аттарымен байланысты.

Әлеуметтік-саяси ой тарихындағы маңызды кезеңді идеализмнің негізін қалаушы Платонның (б.з.д. 427-347 жж.) концепциясы алып жатыр.

Платонның саяси ойлары «Мемлекет» диалогында толық баяндалған.

Аристотель (б.з.д. 384-322 жж.) адамды саяси жәндік деп атап, мемлекеттің отбасы мен қоныстардан табиғи жаралуы туралы болжамды ұсынды.

Т.Гоббс барлық адамдар бірдей жаралды, олардың әрбіреуі басқаларымен бірдей «барлығына құқылы» деген ойды негізге алады. Өзінің саяси доктринасын "Азамат туралы ілімнің философиялық бастауы" және "Левиафан" еңбектерінде қалады.

Джон Локк белгілі бір дәрежеде Т.Гоббсқа қарсы шықты. «Қоғамдық келісім» идеясын қабылдай отырып, ол «адамдардың табиғи жағдайын» түсінуге өзгеше қарады.

Бірізді республикашыл және демократ Ж.-Ж. Руссо халықтық егемендік принципіннің басымдығын ұстанды. Ол адамдардың мемлекетке дейінгі жағдайын "алтын ғасыр" деп атайды, өйткені осы кезеңде басты қиындықтар – жеке меншік пен теңсіздік болмады.

Бақылау сұрақтары

1. Саясат түсінігі дегеніміз не?
2. Саясаттану дербес ғылым ретінде?
3. Саясаттану пән ретінде қалай қалыптасты?

Сабақтың тақырыбы: №2: Саясат қоғамдық құбылыс ретінде.

Жоспар:

1. Саясат, оның мәні, мазмұны, қызметтері.

2. Саясат субъектілері.

Саясат адам әрекетінің маңызды салаларының бірі. Ол әр адамның өміріне айтарлықтай ерте енеді. Адам саясатқа қызығушылық білдірмеуі мүмкін, бірақ саясат оған қызығушылық білдіреді. Адамның тағдыры, оның амандығы, әрбіреудің және барлығының қойылған мақсаттарға жетуі әрқашан саясатпен байланысты болды.

Билікті жаулау, ұстау және пайдалануға қарсы күреспен немесе өзіндік билікті шектеуге, билікті бағыдыруға қарсы күреспен байланысты барлық құбылыстар саяси болып табылады. Саяси ғылымның негізін қалаушылардың бірі, Н.Макиавелли саясатты «билікке жету, билікті ұстап қалу және оны пайдаға асыру үшін қажетті құралдардың жиынтығы» ретінде анықтады. Неміс әлеуметтанушысы М.Вебер жазғандай, саясат "билікке

Саясат қоғамды сақтау және қызмет етуі мақсатында оған жүйелі және мақсатқа сай ықпал етуге арналған тиімді құрал ретінде көптеген қызметтер атқарады. Олардың ішінде:

- қоғамдық өмірдің түрлі салаларын шоғырдандыру, қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету;

- әлеуметтік топтардың, жеке азаматтардың мүдделерін білдіру;
- халықтың беделді топтарының және (немесе) жалпы қоғамның мүдделері үшін саяси және қоғамдық үрдістерді басқару және жетекшілік жүргізу;
- әлеуметтік-саяси кикілжіңдерді анықтау және талқылау, олардың өркениетті тәсілдермен және әдістермен шешу;
- тұлғаны әлеументтендіру, оны қоғамдық қатынастардың күрделі әлеміне енгізу;
- мирасқорлықты және қоғам мен адам дамуының жаңаруын қамтамасыз ету.

2. Саясат субъектілері. Саясат және өзге қоғамдық құбылыстар.

Саяси әрекет және саяси қатынастар саясат субъектілерінің арасында қалыптасады.

Саясат субъектілері – бұл қоғамның саяси өміріне тікелей қатысатын және қандай да бір дәрежеде оған ықпал ететін, әлеуметтік қауымдастықтар, индивидтер, саяси институттар.

Саясат субъектілерінің бірінші тобына негізгі әлеуметтік қауымдастықтар жатады. Бұл: халық, әлеуметтік топ, ұлт, барлық әлеуметтік қауымдастықтар құрылатын индивидтер.

Саясат субъектілерінің екінші тобын саяси институттар, яғни адамдардың саяси әрекетінің тұрақты, тарихи қалыптасқан формалары құрайды. Оларға әдетте мыналар жатады: мемлекет, партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, парламенттік фракциялар, шіркеу және т.с.с. Саяси институттарды бүкіл қоғамның шектерінде әрекет ететіндерге (мемлекет, шіркеу) және жеке әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретіндерге (партиялар, қоғамдық ұйымдар) бөлуге болады.

Саясат әлеуметтік феномен ретінде басқа қоғамдық құбылыстармен диалектикалық байланыста және өзара әрекеттестікте болады. Олардың ішінде экономиканы, идеологияны, өсиетті, құқықтық, дінді және өзгелерін ажыратуға болады.

Саясат үлкен қоғамдық топтардың экономикалық топтарымен анықталған. Бұл мүдделер соңында саяси әрекеттердің әлеуметтік себебіне айналады.

Бақылау сұрақтары

1. Саясат түсінігі дегеніміз не?
2. Саясатпен қоғамның байланысы?
3. Қоғамда саясаттың қандай түрлері бар?

Сабақтың тақырыбы: №3 Саяси билік. Мемлекет және билік.

Жоспар:

1. **Билік түсінігі және негізгі белгілері.**
2. **Билік көздері, биліктің субъектілері мен объектілері.**
3. **Биліктің түрлері. Легитимділік, биліктің типологиясы мен принциптері.**

Саясаттануда саяси билік теориясы негізгі орын алады. Ол саясатпен тығыз байланысты және саясаттың, саяси институттар мен барлық саясат әлемінің мәнін түсініп-білуге мүмкіндік береді. Себебі, саясаттың негізгі мәселесі — билік, ал мазмұны — билік үшін күрес және билікті жүргізу. Шығыстың көрнекті ойшылы Ибн-Халдун (1332—1406) адамның басқа жан-жануарлардан ерекшелігі — ол билік үшін күреседі деген екен.

Билік адамзат қоғамымен бірге пайда болады және оның даму барысында бола бермек. Ол ең алдымен қоғамдық өндірісті ұйымдастыру үшін керек. Онсыз барлық, қатысушы адамдарды біртұтас ерікке бағындыру қиын. Билік адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, адамдар, қоғам және мемлекеттік саяси институттар арасындағы қатынастарды реттеуге міндетті. Ол қоғамның тұтастығы мен бірлігін қолдау үшін керек.

Әдетте, "билік" деген сөз әр түрлі мағынада қолданылады. Оны ықпал ету бағытына, объектісіне байланысты былай етіп бөледі: ата-аналар билігі, мемлекеттік, экономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық, әскери, рухани билік және т.т. Бірақ биліктің толық мағынасы мемлекеттік-саяси салада ғана айқындалады. Сондықтан саяси билік биліктің ең басты түріне жатады.

Биліктің басқа түрлерімен салыстарғанда саяси биліктің мынадай ерекшеліктері бар: оның өктемдік сипаты (ол басқа биліктерден жоғары

тұрады, оның шешімдерін қалғандары орындайды), оның бүкіл қоғамның атынан билік жүргізуі, басқарумен кәсіби айналысатын адамдардың ерекше тобының болуы, оның көпшілік адамдардың мүддесін қозғауы, басқа мекемелерге қарағанда билік органдарының тәуелсіздігі, қоғам өмірінің жұмыс тәртібін белгілеуде жеке-дара құқығы, мемлекет шеңберінде ашық күш қолдана алуы және т.б.

Саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билік етуге құқықты да, екіншілері оларға бағынуға міндетті. Бұл теңсіздік неден туады? Ол үшін саяси биліктің қарамағында теңсіздікті қамтамасыз ететін әдіс-құралдары бар. Оған жататындар:

1. Экономикалық күш. Қандай саяси билік болмасын оған қаржы-қаражат керек. Мысалы, сайлау науқанын өткізу үшін ондаған миллион ақша жұмсалады. Мемлекет тарапынан бөлінген қаражат жетіспегендіктен шет елдерде үміткерлер жеке бай адамдардың, бірлестіктердің көмегіне сүйенеді. Экономикалық қорға қоғамдық өндіріс пен тұтынуға керек басқа да материалдық құндылықтар, құнарлы, шұрайлы жерлер, пайдалы қазба байлықтары және т.б. кіреді.
2. Әлеуметтік әдіс-құралдар. Үстемдік етіп отырған билік өзін қолдайтын, оның одан әрі өмір сүруіне мүдделі адамдар іздейді. Ондай рөлді ең алдымен оның мәртебелі, абыройлы, жалақысы мол қызметтерді атқаратын, көптеген жеңілдіктермен пайдаланатын қызметкерлері орындайды.
3. Күш жұмсау құралдары. Олар мемлекетті қорғайды, ішкі тәртіпті сақтайды, саяси билікті құлатуға әрекет жасаушыларға мүмкіндік бермейді. Оған жататындар: әскер, полиция, қауіпсіздік органдары, сот, прокуратура және т.т.
4. Ақпарат құралдары. Қоғамдық пікір тудырып, саяси өмірге ықпал ету жағынан оны төртінші билік деп те атайды. Кейбір саяси қайраткерлер кім теледидарды бақыласа, сол бүкіл елді бақылай алады деп санайды. Шынында да, олардың мүмкіншіліктері мол.

5. Ақпарат құралдарымен қатар билікті жүргізуде информациялық қордың да маңызы зор. Білім мен ғылыми мағлұматты алу, оларды тарату бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы орындарға шығуда. Кейбір ғалымдардың (жапондықтардың) айтуынша, информация кімнің қолында болса, ХХІ ғасырда билік соның қолында болады дейді.

Саяси билік әлеуметтік институттар арқылы жұмыс істейді. Ол ұйымдар, мекемелер, техникалық, информациялық, адамдық жайттар, қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру мен реттеуді қамтамасыз ететін ережелер арқылы іске асады.

Бақылау сұрақтары

1. Саяси билік дегеніміз не?
2. Саяси биліктің басты мақсаттары?
3. Билік қоғамда қандай қызметті атқарады?

Тақырып №4 Саяси жүйе және саяси тәртіп

Жоспар:

1. **Саяси жүйе ұғымы.**
2. **Саяси жүйенің жіктелуі.**

Саяси жүйе - билікті жүргізуші әлеуметтік топтар, таптар, ұйымдар мен мемлекеттер арасындағы өзара қатынастарды реттейтін, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін ұйымдар, мекемелер мен институттар жиынтығы. Оның негізгі элементтеріне мемлекет, саяси партиялар, дін орындары, қоғамдық-саяси ұйымдар және т.б. жатады.

Саяси жүйелердің жіктелуі

Саяси жүйелердің жіктелуі жөнінде ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ.

Саяси жүйені жіктеу зерттеушілер таңдаған өлшемге байланысты. Саяси жүйені жіктеудің ең кең тараған түрі, оның саяси тәртібіне қарай тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық деп бөлінуі.

Француз саясаттанушысы Ж.Блондель саяси жүйені басқарудың мазмұны мен түрлеріне сай оны 5 түрге бөледі:

- 1) либералдық демократия. Ол саяси, мемлекеттік шешімдерді қабылдағанда меншікке иелік етуі, жекешілдік, еркіндік сияқты құндылықтарды басшылыққа алады;
- 2) коммунистік жүйе. Ол әлеуметтік игілікті тең бөлуге бағдар ұстайды;
- 3) дәстүрлі саяси жүйе. Ол ат төбеліндей ақсүйектердің саяси және экономикалық үстемдігіне негізделеді;
- 4) Дамып келе жатқан елдерде қалыптаса бастаған саяси жүйе. Онда авторитарлық басқару белең алады;
- 5) авторитарлы-консервативтік жүйе. Онда әлеуметтік және экономикалық теңсіздік сақталады, халықтың саяси билікке қатысуына шек қойылады.

Г.Алмонд саяси мәдениет деңгейі мен құндылықтар жүйесінің негізінде саяси жүйені: ағылшын-американдық, құрылықтық-еуропалық, жарым-жартылай индустрияланған, тоталитарлық деп жіктейді. Саяси жүйенің ағылшын-американдық түрі ондағы саяси мәдениеттің бірыңғайлылығымен, біртектілігімен сипатталады. Құрылықтық-еуропалық саяси жүйенің саяси мәдениеті, ұстанатын құндылықтары әр түрлі келеді. Жарым-жартылай индустрияланған саяси жүйеге аралас мәдениет тән. Тоталитарлық саяси жүйеде саяси мәдениеттің таптық сипаты бар.

Қоғамның саяси жүйесі

Қоғамның саяси жүйесі Елдің саяси қызметіне қатысып, саяси билікті жүзеге асыратын саяси институттардың, ұйымдардың, топтар мен жекелеген адамдардың жиынтығы.

Бұл барлық органдары бар мемлекет; қызметтерінде айқын саяси бағыты бар партиялар мен қоғамдық ұйымдар, қатаң саяси реңкі болмаса да, мемлекеттің саясатына маңызды әсер ете алатын, (кәсіподақ, кооперативтік, діни және т.б.) қоғамдық, ұйымдар, сондай-ақ өскелен ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруді (мектеп, институт, театр) жүзеге асыратын барлық мекемелер.

Кейбір саясаттанушылар қоғамның саяси жүйесіне заңға енгізілген идеялар, принциптер, идеологиялар моральды, сондай-ақ саяси мақсатты көздеген жекелеген адамдардың қызметін қосады.

Саяси жетекші; саяси көшбасшы

Саяси жетекші; саяси көшбасшы (ағылш. political leader) - мемлекеттің, саяси партияның, қоғамдық ұйымның жетекшісі; саясат, мемлекеттік қызмет саласында ықпал етуге қабілетті тұлға.

Саяси режим, саяси тәртігі

Саяси режим, саяси тәртігі (lang-en|political regime) Экономикалық және мемлекеттік билікті (демократия, тоталитаризм, авторитаризм және т.б.) жүзеге асыру тәсілдері мен құралдарының жиынтығы.

Саяси қатер, саяси тәуекелдік

Саяси қатер, саяси тәуекелдік (ағылш. political risk) Әскери әрекеттер, ұлттық меншіктендіру, тәркілеу, шектеу енгізу және эмбаргомен байланысты кредиттік тәуекел.

Саяси баспана

Саяси баспана (ағылш. political asylum) Халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларының негізінде, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Ережесіне сәйкес, Қазақстанның шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беруі. Азаматтық алған және немесе тұрып жатқан елде қоғамдық-саяси қызметі, нәсілі немесе ұлты, діни нанымдары үшін қудалаудан немесе қудалаудың құрбаны болудың шын қаупінен баспана іздеуші немесе қорғауды қажет ететін, сондай-ақ халықаралық құқықтың нормаларында көзделген адам құқықтары бұзылған жағдайда тұлғаларға және олардың отбасы мүшелеріне саяси баспана беріледі.

Бақылау сұрақтары

1. Саяси жүйе дегеніміз не?
2. Саясат қоғамда қалай қалыптасты?
3. Саяси тәртіп түрлері?

Тақырып №5: Саяси тәртіп түрлері

Жоспар:

1. Саяси тәртіп ұғымы.

2. Демократиялық және антидемократиялық тәртіптері.

Саяси тәртіп деп саяси билік, қоғамды басқарудың әдіс-тәсілдер жиынтығын, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің демократиялық дәрежесін айтады.

Қазіргі саяси тәртіптерді демократиялық және демократияға қарсы (антидемократиялық) деп үлкен екі топқа бөледі.

Демократиялық тәртіпке халықты биліктің қайнар көзі деп санап, оған мемлекеттік істерді шешуге құқық берілген және ол үшін қажетті жағдайлар жасалған биліктің түрі, қоғамның мемлекеттік-саяси құқырылысы жатады. Мұндай тәртіпте азаматтардың негізгі құқықтары мен еркіндіктеріне кепілдік берледі, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін көздеуші саяси партиялар, ұйымдар, мекемелер кедергісіз жұмыс істейді. Саясат мәселелері ашық талқынады, биліктің шектен тыс шоғырлануына жол берілмейтіндей тетік жасалады, азаматтарға қолайлы құқытар мен еркіндіктер, олардың саяси көңілін білдіру түрлері айқындалады, жалпыға бірдей сайлау құқығы орнатылады.

Сонымен қатар демократиялық тәртіп мынадай белгілермен сипатталады.

1. Адал, шынайы сайыс арқылы, жүйелі түрде өткізілетін сайлау. Ол амал-айласыз, кулық-сұмдықсыз жүргізілсе және оны шынайы өткізудің жолы табылғанда ғана адал болады. Егер мемлекеттік билік бір партияның қолында болса да сайлау адалдыққа жатпайды. Шынайы сайыс арқылы дегенде өзінің кандидатурасын еркін ұсынуға мүмкіндігі бар әр түрлі топтар мен жеке тұлғалар болуын айтады.

2. Үкіметтің сайлау арқылы дүниеге келуі. Демократияны қамтамасыз ету үшін сайлаудың жүйелі түрде жүргүзілуі жеткіліксіз.

3. Демократия жеке тұлғалар мен аз ғана адамдардың да құқығын қорғайды. Әдетте, демократияға азшылықтың көпшілікке бағынуын айтады.

Демократиялық тәртіп президенттік және парламенттік болып екіге бөлінеді. Антидемократиялық тәртіп тоталитардық және авторитарлық болып бөлінеді.

Тоталитарлық (латынның бүтіндей, тұтас, жалпы деген сөзінен) тәртіп деп қоғам, адам өмірінің барлық салалары тұтасымен мемлекеттік бақылауға алынған мемлекеттік-саяси құрылымды айтады. Онда өндіріс, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, білім, мәдениет, адамдардың жеке өмірі және т.б. – бәрі тегіс бақылаудың астында болады. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, демократиялық ұйымдардың жұмыстарына тыйым салынады, жазалау, қуғын-сүргін күшейеді, террорлық позициялық бақылау орнайды.

Авторитарлық тәртіп деп күштеуге, жеке адамның билігіне негізделген мемлекеттік-саяси құрылысты айтады. Мұнда атқарушы билік үстемдік етеді. Парламент жойылмайды, дегенмен, ол кеңесші органға тоталитарлықпен салыстырғанда авторитарлық тәртіпте, бірыңғай идеология, көпшілік партия болмайды. Экономика қатал бақылауға алынбайды, күштеу әдістері де азырақ қолданылады. Әдетте, ол партия процеске белсенді араласатын әскер күшіне сүйенеді. Азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың саяси құқықтары мен бостандықтары шектеледі, оппозицияға тыйым салынады. Сайланбалы мемлекет органдары азаяды.

Бақылау сұрақтары

1. Саяси тәртіптің негізгі түрлері?
2. Демократиялық тәртіп дегеніміз не?
3. Антидемократиялық тәртіп түсінігі.

Тақырып №6 Саяси институттар

Жоспар:

1. Саяси институт ұғымы

2. Саяси институттардың саяси қызметпен өзара байланысы

Саяси институттар - тұрақты құрылымымен, өз ішінде тығыз ықпалдасқан, көп қырлы, қызметінің икемді әрі әсерлілігімен ерекшеленетін, салыстырмалы түрде жоғары ұйымдасқан әлеуметтік және саяси жүйелік құрылымдар.

Саяси институттар - қоғамдық, топтық, жеке маңыздағы нақтылы мақсаттарға жету үшін немесе аса маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін адамдардың бірлесуі. Саяси институттарды құра отырып, қоғам маңызды салалардағы мәселелердің нақтылы әлеуметтік және саяси іс-әрекет түрлерін белгілеп, бекітеді, оларды сол қоғамның мүшелеріне, әлеуметтік топтарына, мемлекеттің барлық азаматтарына немесе бір партияның мүшелеріне, басқа саяси ұйымға тұрақты әрі міндетті етеді. Әлеуметтік және саяси институттар - ол отбасы, мемлекет, оның органдары (парламент, президент, үкімет, сот), партиялар, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері, зауыттар, банк жүйесі, базарлар, ғылыми және мәдени ұйымдар мен мекемелер, бұқаралық ақпарат құралдары, дін және басқалар. Әлеуметтік және саяси институттар үшін іс-әрекеттің әр субъектісінің қызметі мен өкілетін нақтылау, олардың әрекеттерінің келісімділігіне тән, қатаң бақылау мен реттеу деңгейі өте жоғары. Әлеуметтік және саяси институттар негізінде жатқан әлеуметтік және саяси байланыстар - институционалды деп, ал, Әлеуметтік және саяси институттарды құру процесі - институционализация деп аталады.

Саяси институттар мен саяси қызметтің ажырамас бірлігі бар: саяси іс-әрекет институционалдық білім беруде «ескертіледі» (тиісті мекемеде, құқықтық реттеу және т.б.), және институционалды қалыптастыру керісінше саяси іс-әрекетте біртіндеп «бөлінеді» (оның нысанына айналады, білдіреді). Саяси қатынастар орнатылған көптеген партиялар бар.

Сонымен бірге, саяси қатынастардың кейбір қатысушылары саяси әрекеттің тасымалдаушысы ретінде қызмет етеді және саясаттың тізімдері деп аталады, ал басқалары оның мақсаты ретінде әрекет етеді, яғни. саяси іс-әрекеттің өзгеруі, қайта құрылуы немесе қолдауы бағытталған саяси шындықтың осындай бөліктері. Жеке тұлғалар, әлеуметтік топтар, институттар субъект бола алады, бірақ олардың саясаттағы рөлі біркелкі емес.

Саясат субъектісінің мүдделері бар, оларды жүзеге асыру аясы дәл саяси қатынастар болып табылады. Саясаттың субъектілерінің ұлт сияқты ролдің маңызы ерекше. Дәл солардың өзара әрекеттесуінде проблемалар мен мүдделер шеңбері жеке адамдар, қозғалыстар, партиялар, институттар мен ұйымдар қабылдаған немесе көрініс табатын, оларды шешу үшін мемлекеттік органдардың міндетті түрде араласуын талап ететін болып қалыптасады.

Саясатта, әлеуметтік қатынастардың кез-келген басқа саласы сияқты, субъектінің немесе объектінің атрибуттарын белгілі бір өзгермейтін ортаға тұрақты тағайындау жоқ екенін ескеру қажет - саяси қатынастардың барлық қатысушылары сана мен ерік-жігерге ие және нақты жағдайға байланысты объект бола алады. Сонымен, мемлекет түрлі саяси күштердің әсері оған бағытталған кезде, мысалы, оны реформалау мақсатында саясаттың объектісі ретінде әрекет етеді, бірақ ол өзі әлеуметтік қатынастарды реттеуге белсенді араласқан кезде де саясаттың мәні бола алады. Саяси партия, мысалы, сайлау науқанында, саясаттың субъектісі ретінде әрекет етеді және оған мемлекеттік репрессия, қызметті реттеу шаралары қолданылған кезде объект бола алады.

Бақылау сұрақтары

1. Саяси институт дегеніміз не?
2. Саяси институт түрлері?
3. Саяси институттар қызметі?

Сабақтың тақырыбы: №7 Саяси партиялар және партиялық жүйелер

Жоспар:

1. Саяси партиялар ұғымы

2. Саяси партиялардың саяси қызметпен өзара байланысы

Саяси жүйенің барлық бөлшектері әрдайым өзара байланыста болғандықтан маңызды әлеуметтік қызметтерді жүзеге асыруға ықпал жасайды: әлеуметтік дамудың басым бағыттарын айқындау; қоғамның мақсаттарға жету жолдарын оңтайландыру; ресурстарды тарату; азаматтардың саясатқа белсенді қатысуын қамтамасыз ету; қоғам мүшелері мінез-құлқының ережелері мен қағидаларын әзірлеу; заңдар мен ережелерді орындауды бақылау; қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Саяси жүйеге келесі институттар енеді: мемлекет және оның органдары; саяси партиялар; қоғамдық-саяси қозғалыстар; мүдделі топтар. Мемлекет - жүйені жиынтықтайтын негізгі бөлшек, ол саяси жүйенің өзге бөлшектерін біріктіреді.

Саяси партиялар - билік үшін күресте ортақ саяси көзқарастары қалыптасқан немесе билікте өз бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйым. Ол сонымен бірге, идеологиялық құндылықтары бар одақ. Партия идеологиясы - ұйымның өз қызметінде басшылыққа алатын идеялар жиынтығы. Идеологиялық қағидаларына байланысты партиялар бөлінеді: консервативтік; либералдық; демократиялық; социал-демократиялық; социалистік; коммунистік, ұлтшылдық. Партияның тұрақты ұйымдастырушылық құрылымы мен басқарушылары, жарғысы мен мүшелікті міндетті рәсімдеу түрлері болады. Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар» туралы Заңының 10 бабы, 6 тармағына сәйкес: «Саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның құрамында партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы әрқайсысында кемінде алты жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін кем дегенде қырық мың партия мүшесі болуға тиіс». Партияның билікке

жеткенде жүзеге асыратын немесе билік партиясы ретінде нақты ұсыныстар камтылған бағдарламасы болады. Партияның мақсаты - мемлекеттік билікті иелену және ұстап тұру. Егер ұйым мұндай мақсатты ұстанбаса, ол саяси партия емес. Саяси партиялар көбінесе айқындалған әлеуметтік топтардың мүддесін көздейді. Саяси жүйеге қатысты партиялар жүйелік және жүйеден тыс болып бөлінеді. Жүйелік саяси партия саяси жүйенің бөлігін құрады және оның заңдарын басшылыққа ала отырып қимыл жүргізеді. Мұндай саяси партиялар билік үшін күресте заңды әдістерді қолданады. Жүйеден тыс партиялар саяси жүйені қолдамайды, билікке жетуде зорлық-зомбылық тәсілдерін жүзеге асырады. Көп жағдайда олар заңсыз қызмет атқарады. Саяси жүйедегі партияның рөлі оның беделі және сайлаушылар сенімімен айқындалады. Партиялар басқарушы билік құрылымын иеленген жағдайда мемлекет саясатын жүзеге асырады. Демократиялық жүйелерде партиялардың ауысуы жүреді: билік партиясынан оппозицияға көшеді, ал оппозиция билік партиясына айналады. Қоғамдық-саяси қозғалыстар саяси жүйелерде мардымсыз қызмет атқарады. Мақсаттарына қарай қозғалыстар саяси партияларға ұқсас, бірақ көп жағдайда олардың нақты жарғысы болмайды және мүшелікке қабылдау орын алмайды. Елімізде қоғамдық-саяси қозғалыстар сайлау науқанына қатыса алмайды. Мүдделі топтар билікке келуді мақсат тұтпайды. Олардың қатарына кәсіподақтар, ірі кәсіпорындардың бірлестіктері, дін орындары, бұқаралық ақпарат құралдары жатады. Бұлардың негізгі мақсаты - билікке қысым көрсету арқылы нақты мүдделерін қанағаттандыру болып табылады. Жоғарыда аталып өткен барлық бөлімдер, мемлекеттік және мемлекеттік емес институттар тәжірибе нәтижесінде жинақталған саяси қағидалар мен әдістерге жүгінеді.

Бақылау сұрақтары

1. Саяси партиялар дегеніміз не?
2. Саяси партиялар түрлері?
3. Саяси партиялар қызметі?

Сабақтың тақырыбы: №8: Саясат субъектілері

Жоспар:

1. Саясат субъектілері ұғымының мазмұны, қызмет ету механизмдері.

2. Саяси элита анықтамасы.

Саясат мемлекеттік билік үшін бәсекелік күрес саласында әр түрлі субъектілердің әрекеттері мен өзара әрекеттері жиынтығын бейнелейді. Көбінесе, саясат субъектісін бөліп алу өлшемі, оның осы саладағы нақты әрекеті, немесе саяси шешім қабылдауға ықпалының деңгейі, мемлекеттік саясатты іске асыруы, немесе оны ұйымдастыруы алынады. Нақты айтсақ, саясат субъектісі деп шешім қабылдауға ықпал ету деңгейіне және мемлекеттік саясатты тарату сипатына тәуелсіз, мемлекет пен биліктік өзара қарым-қатынасқа түсушіні түсінеміз.

Саясат субъектілері үш түрге: жеке (микроактор), топтық (макроактор) және институттық (ұйымдасқан актор) болып бөлінеді. Бұл үш түрдегі субъектілердің іштей құрылымдары мен мазмұндары өзіндік ерекшеліктерге ие. Мәселен, топтарға әр түрлі қауымдастықтар мен ұжымдар (бейресмиден ресмиге дейін, уақытшадан тұрақтыға дейін, оқшаудан трансұлттық бірлестікке дейін) жатады. Институттарға саяси жүйеде өкілділік пен атқарушылық қызметтерді атқарушы (партиялар, қозғалыстар, лобби, халықаралық ұйымдар) ұйымдар жатады. Жеке субъектілер (Д. Розенау) үш түрге бөлінеді: қатардағы азаматтар, саясатқа қатысуы топтық мүддемен сипатталынатын; кәсіби қызметкер, мемлекетте басқару мен бақылау қызметін атқарушы; жеке индивид, топтық мақсатқа тәуелсіз әрекет етуші және ешбір кәсіби міндеттерді орындамаушы. Саясаттың барлық субъектілері бір-бірімен иерархиялық қатынаста болады.

Адам саясат субъектісі ретінде. Субъект дегеніміз (субъект латын тілінде жату деген сөзден шыққан) белсенді іс-әрекет жасаушы, сана мен жігері бар жеке адам немесе әлеуметтік топ.

Объект дегеніміз (объект – латынның қарсы қою деген сөзінен шыққан) субъектінің танымдық және басқа да іс-әрекеті неге бағытталса соны айтады. Басқаша айтқанда, объект зерттелетін нәрсе.

Адамның саяси өмірдегі орны мен рөліне саясаттану ғылымы ерекше назар аудару қажет. Себебі барлық мәселелердің тоғысар нүктесі адам. Біріншіден, қоғамға ерікті, адал, ақылды, іскер адамдар қажет. Екіншіден, адам жалпы қоғамдық прогрестің негізгі қозғаушы күші ретінде өз мүмкіндігінің, жігерін-қайратының, әлеуметтік-саяси еңбегінің қоғамға қажеттілігін сезінуі қажет.

Саяси ғылымда саясат субъектілерін жіктеудің бірнеше түрлері тараған. Соның ішіндегі ең көп тарағаны мына:

- саясатқа қатысушыларды әлеуметтік құрылымдарға бірігуі деңгейіндегі субъектілерге (демографиялық, кәсіби, этникалық топтар) бөлу – кәсіби топтар, таптар, ұлттар, көсемдер, элита мен бюрократия, жеке адам т.б.;
- белгілі бір институттық құрылымға бірігу деңгейіндегі субъектілерге: мемлекет, партиялар, кәсіподақтар, қоғамдық ұйымдар, саяси қозғалыстар жатады;
- «қызметтік» деңгейдегі саяси субъектілерге: діни мекемелер, университеттер, әр түрлі мәдени-спорттық ассоциациялар жатады.

Барлық адамдардың конституциялық құқықтары мен мүмкіндіктері бірдей болғанымен, іс жүзінде олар тең емес, олар физикалық-биологиялық, интелекті, еркі мен басқа да психологиялық қасиеттері жағынан өзгеше. Әлеуметтік жағдайы жағынан әртүрлі. Осының бәрі олардың саясаттағы орны мен рөлінің әртүрлілігіне, оған ықпал ету дәрежесі мен деңгейінің әрқилылығына негіз болады.

Қазақстандық ғалымдар қарапайым адамның мемлекеттік саясатты анықтаудағы рөлі туралы саяси ілімдер тарихында екі түрлі концепция қалыптасқан деп есептейді: элитарлық және демократиялық. Элитарлықты жақтаушылар халықтың жаппай саясатқа, билікке араласуы қоғамдағы еңбек бөлінісіне қайшы келеді деп есептейді. Адамдардың барлығы басқару ісіне араласқан жағдайда басқару ісінің тиімділігі төмендейді, басқарушы

адамдарда жауапсыздық күшейіп, оларда белсенділік қабілет төмендейді деген қорытындыға келеді. Олар мемлекетті арнайы кәсіби элита басқару керек дегенге саяды.

Демократиялық концепцияның қолдаушылары халық тек қана өз өкілдірін өкімет орындарына сайлау процесіне қатысып қоймай, сонымен бірге, олар саяси өмірге, процестерге тікелей қатысуы тиіс деген көзқарасты жақтайды. Демек, әрбір адам сайлаудан бастап, өкімет басшыларының шешімдерін және оны іске асыруға дейінгі істерге араласуы тиіс делінген.

Жалпы адам теориясына тоқталсақ, оған берілген анықтамалар көп. Оны қорытындылай келгенде, адамды қоғамдық жаратылыс ретінде қарастырады. Негізінен адам үш өлшемдік тұрғыдан қарастырылады: биологиялық, психологиялық, әлеуметтік.

Бақылау сұрақтары

1. Саясат субъектілерді нені айтамаз?
2. Саясат субъектілерге жататың тұлғалар?
3. Саясат субъектілері өз ара қандай қарым қатынаста?

Сабақтың тақырыбы: №9 Саяси көшбасшылық

Жоспар:

1. **Саяси көшбасшы туралы жалпы ұғым.**
2. **Саяси көшбасшылық түрлерімен қызметтері.**

Саяси қызметтің ажырамас компоненті саяси көшбасшы болып табылады, себебі кез-келген саяси белсенді топ өздерінің ортасынан басшылар тобын алға шығарады.

Көшбасшы («лидер» ағылшынның «басты» деген сөзінен алғанда) – сол бірлестіктің мүддесін қанағаттандыруға бағытталған бірлескен қызметті біріктіру мақсатында басқаларға ықпал етуге қабілетті адам. Көшбасшыға тән қасиеттер:

- Жауапкершілікке және бастаған ісін аяқтауға күшті ұмтылысы;

- Мақсатына жету жолындағы күш қайраты;
- Бастамашылдығы;
- Өзіне-өзінің сенімділігі;
- Айналасындағылардың мінез-құлқына, іс-әрекетіне ықпал ету қабілеті;
- Іс-әрекетінің және шешімдерінің салдарын «өзіне» қабылдау қабілеті;
- Топтық фрустрацияға және ыдырауына қарсы тұра алатын қабілеті.

«Саяси көшбасшы» категориясы саясат саласындағы адамдардың белгілі бір бірлестігіне басшылық ету бойынша қызмет процесін білдіреді.

Саясатта қызметінің сипаты мен ауқымы бойынша көшбасшының үш деңгейін ажыратады:

1. Мүдделері ортақ қоғамда барынша көп билікке ие шағын топтың көшбасшысы;
2. Қоғамдық қозғалыстың (ұйымның, партияның) көшбасшысы, яғни белгілі бір әлеуметтік топ өзінің қажетсінуін қанағаттандыру мүмкіндігін байланыстыратын адам;
3. Көшбасшы – биліктік қатынастар жүйесінде әрекет етуші саясаткер.

Көшбасшылық жай ғана кездейсоқ билікті пайдалану емес, жалғасын табуды білдіреді. Көшбасшылықтың қоршаған ортадан шет қалуы мүмкін емес. Көшбасшылық дегеніміз – талдау жасау мен шешім қабылдауға қарағанда әрдайым үлкен нәрсе, ол өзінің соңынан жүретін адамдардың ақылы мен күш-қуатына әсер етуді қамтиды.

Көшбасшының негізгі қызметі:

- интегративтік, яғни халықтың белгілі бір бөлігінің мүддесін анықтау және саяси бағдарламаны жасау;
- алға қойған мақсатты орындау үшін ұтымды шешімді табу және қабылдау қызметі;
- билік органдарының қоғам мүшелерімен байланысын нығайту, қоғам мүшелерінің биліктен және басқарудан шет қалуын болдырмау қызметі;

- бір жерге жұмылдырушы, яғни нақты міндеттерді шешуге көпшілікті ұйымдастыру, көпшіліктің әлеуметтік күш-қуатын, саяси мәдениетін және белсенділігін дамыту қызметі;

- прагматикалық, яғни мақсат пен міндеттерді нақты әрекетке айналдыру.

Көшбасшының мынадай бес белгісі мен сапасын айтуға болады:

1. Биологиялық дәрежедегі белгісі мен сапалары: тұқым қуалаушылығы, темпераменті, жынысы, денсаулық жағдайы.
2. Психологиялық дәрежесі: адамның эмоциясын, еркін, жадын, қабілетін, интеллектін, мінезін қамтиды.
3. Әлеуметтік-психологиялық дәрежесі: адамның мүдделеріне, көзқарасына, ұстанымына, қарым-қатынасына т.б. байланысты.
4. Саяси психологиялық дәрежесі: саяси әлеуметтенуіне, саяси таңдауына, саяси мінез-құлық түрлеріне байланысты.
5. Әлеуметтік дәрежесі: мүдделердің жалпы әлеуметтік ұстанымы мен көзқарастарын білдіреді.

Бақылау сұрақтары

- 1. Саяси көшбасшы дегеніміз кім?**
- 2. Саяси көшбасшының неше түрі бар?**
- 3. Саяси көшбасшылардың атқаратын қызметі?**

Тақырып №10: Тұлға саясаттың субъектісі ретінде. Адам және саясат.

Жоспар:

- 1. Тұлға-саясаттың субъектісі мен объектісі.**
- 2. Жеке адамның құқығы мен бостандықтары.**

Саясаттың субъектісіне әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер, саяси партиялар, қозғалыстар жатады.

Тұлға деп қоғамдық өмірдің нақтылы тарихи жағдайлары қалыптастырған, саналы іс-әрекет ете алатын, өз жүріс-тұрысына жауап беретін, еңбек етіп, қарым-қатынас жасаушы, айналадағыны танып - білуші жеке адамды айтады.

Субъект (латынша негізінде жату) деп белсенді іс-әрекет жасаушы, сана мен жігері бар жеке адам немесе әлеуметтік топты айтады.

Объект (латынша қарсы қою) деп, субъектінің танымдық және басқа іс-әрекеті неге бағытталса, соны айтады. Басқаша айтқанда объект- зерттелетін зат. Саясаттың субъектісі дегенде өз мүдделеріне байланысты саяси өмірге белсене араласып, басқалардың санасына, іс-әрекетіне, жағдайына ықпал ететін, саяси қатынастарға белгілі өзгерістер енгізетін, саясатты жасайтын адам, ұйым немесе әлеуметтік топты айтады.

Адамдарды саяси жұмысқа итермелейтін негізгі себеп-мұқтаждық пен мүдде. Мұқтаждыққа өмірде керек, бірақ қолда жоқ зәрулік жатады. Ол табиғи және әлеуметтік болып 2 - ге бөлінеді. Табиғи зәрулікке тамақ ішу, киім кию, баспаи т.б. жатады.

Әлеуметтік мұқтаждық қоғамда п.б. Оған еңбек ету басқа адамдармен қарым - қатынаста болу, қоғамдық өмірге араласу және т.б. қажеттіліктер кіреді.

Мұқтаждықты адам сезініп, оны өтеуге тырысса, ол - мүддеге айналады.

Қандай адам болмасын белгілі - бір әлеуметтік топқа, тапқа, ұлтқа, мемлекетке жатады. Осының өзі де өмір жағдайы мен жүріс - тұрысына, саясатқа араласуына әсер етпей қоймайды. Таптың, топтың және т.б. өкілі ретінде жеке адам саясатқа жанама түрде тартылады. Сонымен қатар ол басқаларға қарап еліктеп, белгілі амал, әрекет жасайды. Оны өзінше дәлелдейді. Сөйтіп ол саясатқа тікелей қатысады, Саясаттың субъектісіне айналады.

Жеке адамдардың саяси белсенділігі мен ететін ықпалы әр түрлі. Саясатқа қатысу шамасына қарай оларды мынадай түрлерге бөлуге болады:

А) саясатқа айтарлықтай әсер етпейтін, оған селқос қарап, белсенділік білдірмейтін қоғамның қатардағы қарапайым мүшесі;

ә) Қоғамдық ұйымға, қозғалысқа кіретін, бірақ саяси жұмысқа тура араласпайтын азамат;

б) саяси ұйымдардың мүшесі болып есептелетін, саяси өмірге сапалы түрде, өз еркімен тікелей араласатын адам;

- в) қоғамдық әсіресе саяси қайраткер;
- г) саяси қызметтің арқасында күн көріп, табыс тауып, оны өмірінің мақсатына айналдырған кәсіби саясатшы;
- д) ұйымдастырушы, идеялық, ресми не бейресми, абырой, бедел, “ең соңғы саты” болып саналатын саяси басшы, көсем.

Жеке адамның құқығы деп кісіге белгілі игілік алуды қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет арасындағы ережелердің өзара қатынастарын айтады. Жеке адамның бостандығына кісіге өз білгенінше істеуге мүмкіндік беретін, мемлекет пен адамдардың арақатынасының принциптері жатады.

Жеке адам құқығы мәселесіне аса зор үлес қосып, тарихта өшпес аттарын қалдырған ойшылдарға Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Ж.Руссо, И.Кант т.б. жатады.

Олар адам құқықтарының негізгі қағидаларын ең алғаш анықтап, белгілеп берді.

АҚШ - тың Тәуелсіздік Декларациясына кіргізілді. Декларацияның негізгі баптарына барлық адамдардың өмір сүруге, еркіндікке, жеке меншікке, бақытқа және қауіпсіздікке туғанынан тең құқығы бар.

АҚШ-тың Тәуелсіздік Декларациясында көрсетілгендей, негізгі баптар конституциялық түрде 1789 жылы Францияның адам және азаматтар құқығының Декларациясында бекітілді.

Олармен салыстырғанда қазіргі кездегі жеке адамның құқығы туралы ұғым анағұрлым ауқымды.

Қазіргі саяси ғылымда адам құқығына байлапысты әртүрлі көзқарастар бар.

Оларға табиғи-тарихи, заңды-позитивті және марксистік түсініктер жатады.

Табиғи-тарихи бағыттағы жақтаушылардың ойынша, адамның табиғи құқықтарының ПП.б. мемлекетке не заңға байланысты емес. Бұл құқықтарға адам дүниеге келгеннен-ақ, жаратылысынан ие болып туады.

Заңдылық-позитивті бағыты қолдаушылар, керісінше, азаматтардың құқығының пайда болар, шығар жері, көзі мемлекетте деп санайды.

Азаматтардың құқықтарының өзі мемлекеттің мақсат-мүддесіне және мүмкіншілігіне сәйкес өзгеріп отырады.

Марксизм де адам құқығын мемлекеттік құқыққа бағындырып, тәуелді етеді. Бірақ заңдық-позитивтік бағытпен салыстырғанда, ол құқықтың әлеуметтік-экономикалық, әсіресе таптың мәні бар деп сипатталады.

Ол құқықты үстем таптың заңға айналдырған еркі, қалауы деп үйретеді.

Бақылау сұрақтары

- 1. Саясат адам өмірінде қандай роль атқарады?**
- 2. Адам және саясат қандай байланыста болады?**
- 3. Әлем саясаты адамға қалай әсер етеді?**

Тақырып №11 Халықаралық қатынас және халықаралық қатынастар

Жоспар:

- 1. Халықаралық саясат**
- 2. Халықаралық қатынастар.**

Саясат – бүкіләлемдік құбылыс. Ол дүние жүзіндегі барлық адамдардың, ұлттар мен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың, ұйымдар мен мемлекеттердің өмір тіршілігінің ажырамас саласы, қоғамдық болмыстың айқындаушы факторларының бірі. Бұл заманда әлемдік саяси үрдістің ағымдарынан тысқары оқшау қалып отырған ешқандай мемлекет те, халық та жоқ.

Әлемдік саяси үрдіс дегеніміз - дүние жүзі қауымдастығының өміріне қатысты саяси шешімдерді қабылдап, оларды іске асыру жолындағы мемлекеттік саяси институттардың, қоғамдық және саяси қозғалыстардың, халықаралық ұйымдардың, жеке адамдардың іс-әрекеті. Әлемдік саяси үрдістің нақты тарихи дәуірге байланысты өзіндік мазмұны, ерекшеліктері мен заңдылықтары бар.

Осы тұрғыдан алғанда ең әуелі назар аударатын нәрсе – осы заманғы әлем өте күрделі, сан алуандылыққа толы, сөйте тұра – біртұтас. Бүгінгі дүние шынында да сан алуан. Әлемде 200-дей мемлекет, 2000 – нан астам этникалық топтар бар. Олардың әрқайсысының тарихта жүріп өткен өзіндік

жолы, қалыптасқан дәстүрі, тілі, ділі және діни нанымы, ұлттық сипаты бар. Әр халықтың, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және рухани даму деңгейі де әр басқа, олар тарихи дамудың әр сатысында тұр. Соған сәкес өмір салты, мақсат-мүдделері де алуан түрлі. Мұның бәрі олардағы саяси жүйенің сипатының, мемлекеттік құрылыстың көптүрлілігін, демократиялық нышандардың деңгейін анықтайтыны сөзсіз. Осыдан келіп саяси құбылыстардың күрделілігі мен қайшылықты түрде өрбуі туындайды.

Ешқандай да халық немесе мемлекет басқалардан тысқары, олармен байланыссыз, өзара әсерсіз өмір сүріп, ілгері дами алмайтын жағдай қалыптасты. Әр елдің тағдыры әлемдік қауымдастық тағдырымен ұштасты. Ең бастысы елдер мен халықтар өзара байланысты, өзара тәуелді екендіктерін терең сезінетін ахуал орнақты. Осы ахуал бүгінгі замандағы жаңаша саяси ойлаудың өзегі болып табылады. Бесіншіден, біздің дәуірімізде дүние жүзіндегі барлық халықтар мен елдердің тағдырына тікелей қатысы бар адамзат алдында тұрған бүкіләлемдік (глобальды) проблемалар пайда болды.

Бүкіл әлемдік проблемаларды төрт топқа бөлеміз:

- әлеуметтік-саяси сипаттағы проблемалар: яролық соғыстың өртін өшіріп, қарулану процесін ауыздықтау, мемлекетаралық, ұлтаралық және аймақтық шиеленістерді бейбіт жолмен шешу, халықтар арасында өзара сенім мен сыйласым дәстүрін орнықтырып, қауіпсіздік жүйесін нығайту, ақпараттық ағымдарды игілікті пайдалану;
- әлеуметтік-экономикалық сипаттағы проблемалар: артта қалуды, кедейшілікті жою, энергетикалық, шикізаттық, ішіп-жемдік, демографиялық дағдарыстарды реттеп, олардан шығу жолдарын бірлесіп іздеу;
- әлеуметтік-экологиялық проблемалар; қоршаған ортаны, табиғатты күтімге алып, ұқыпты пайдалану;
- адам проблемасы. әлеуметтік, экономикалық, саяси құқықтар мен бостандықтарға өміршеңдік сипат беру, надандықтың жолын кесіп, рухани дамуға жол ашу, қасіретті аурулармен тізе қосып күресу.

Бүгінгі таңда дүниенің өзара жауласқан, антогостік саяси – экономикалық екі жүйеге бөлінуі ыдырады. Екі полюстік текетірес көп полюсті қарым – қатынасқа негізделген адамзат – қоғамының қауымдастығына ығысып орын берді. Әлемдік маңызы бар саяси мәселелерді шешуге барлық мемлекеттер өз үлестерін қосатын болды. Жер шарының бір түкпірінде бой көрсеткен шиеленіс болса, оған бүкіл дүние жүзі елең етіп, жауапкершілікпен қарайтын болды. Бұл ретте халықаралық ұйымдардың, әсіресе Біріккен Ұлттар Ұйымы мен арнаулы мекемелерінің (ЮНЕСКО , МАГАТЭ, т.б.) атқарып отырған игілікті әрі ықпалды іс - әрекеттерін ерекше атаған жөн.

Халықаралық қатынас -XX ғасыр соңғы он жылдығында халықаралық қатынастардағы жағдай түбегейлі өзгерді. 1980-ші жылдардың соңына дейін олардың басты сипатына әлемдік қауымдастықтың екі қарама-қарсы одаққа жіктелуі тән болды. Халықаралық қатынастар эволюциясы екі өзара байланысты процесстердің елеулі әсеріне ұшырады - капиталистік сипаттағы әлеуметтік қатынастарға негізделген әлемдік нарықтың бірлігін қалпына келтіру және жаһандану процесінің қарқынды дамуы. Нәтижесінде елдер мен халықтардың өзара тәуелділігі артуда, шешімін табу үшін халықаралық әріптестікті дамытуды талап ететін жалпы әлемдік, ғаламдық сипаттағы мәселелердің көбеюі орын алып отыр. Қазіргі халықаралық қатынастардың экономикалық негізі - әлемнің материалдық базасындағы елеулі өзгерістердің негізінде қалыптасушы жаңа әлемдік еңбек бөлінісі. Жаһандану нәтижесінде өнеркәсібі дамыған елдер өздерінің экономикалық орталық ұстанымын нығайтуда, ал дамушы елдер одан тәуелді шет аймақ күйіне түсуде. Өнеркәсібі қарқынды дамыған елдер арасында АҚШ басым орын алуда, алайда Еуропалық Одақ онымен иық теңестіріп, кей жағдайларда одан басым түсіп отыр. Жапония бұрынғыдай үшінші келеді. 20-25 жылдан кейін Қытай әлемдік экономиканың бас алпауытына айналуы мүмкін. Үндістан да одан қалыспауда. Осы кезде аймақтандырудың қарқынды процесі жүріп жатыр - Еуропада (Еуропалық Одақ), Азияда (АСЕАН және өзге де тар шеңбердегі құрылымдар), Африкада (Африкалық одақ), Солтүстік

Америкада (НАФТА), Латын Америкасында (МЕРКОСУР, Анд тобы). Бұл аймақтық ұйымдар өз кезегінде халықаралық қатынастар сахнасының белсенді әрі ықпалды ойыншыларына айналуға қабілетті. Қалыптасып келе жатқан әлемдік азаматтық қоғамның ұстанымдарын білдіретін үкіметтік емес ұйымдар Халықаралық қатынастар саласында елеулі ықпалды рөл атқаруда.

Бақылау сұрақтары

1. Халықаралық саясат дегеніміз не?
2. Халықаралық қатынастар түсінігі ?
3. Әлемдік саясаты адамға қалай әсер етеді?

Тақырып №12 Қазіргі халықаралық қатынастарды

Жоспар:

1. **Қазіргі әлемдік халықаралық саясат**
2. **Қазақстанның басқа елдермен саяси қатынасы.**

Қазіргі халықаралық қатынастар деп әлемдегі халықаралық қатынастар субъектілерінің арасында пайда болатын әр түрлі байланыстар мен кездесулер, акциялар мен әрекеттер түсіндіріледі. Осы қатынастардың базалық әлеуметтік негізі Жер планетасында өмір сүретін бірлік пен тұтастықты қалыптастыратын адамзат. Дегенмен осынау бірлік пен тұтастық — қайшылықты нақтылық және көп бейнелі, әр түрлі, тіпті карама-қарсы мүдделердің түйісуінің бірлігі болып табылады. Олар (осы мүдделер) қажет болғандықтан саясатқа еніп кетеді және саяси шешімдерді талап етеді. Сонымен, халықаралық қатынастар субъектілерінің мүдделерінің түйісуінің өзегі болатын саяси шынайылықтың спецификалық мазмұны халықаралық қатынастар болып табылады. Қазіргі кезде мемлекетпен қатар мемлекеттен тыс құрылымдар да халықаралық қатынастардың субъектілері болып табылады, яғни жекелей алғанда БҰҰ және оның органдары: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, Қамқорлық туралы Кеңес, Халықаралық сот, Секретариат. БҰҰ құрылым белсенді және мақсатты қызметінің нәтижесінде халықаралық шиеленістердің түйінін

шешу, келісімдік процестерді жолға қою, мемлекеттердің мүдделерін түйістіру, халықаралық құқық нормаларының сақталуын қамтамасыз ету, агрессияны айыптау, халықаралық проблемаларды шешуде консенсустық мәдениет пен бейбітшілік сүйгіштікті қалыптастыруға кең жол ашылады. Бұл жағдайда БҰҰ қызметі халықаралық-құқықтық шеңберде болады.

Қазіргі кезде мемлекетке саяси маневр, өз мүдделерін қорғау, халықаралық қатынастардағы күш пен құралдар балансын реттеу үшін жеткілікті кеңістікке ие болуға мүмкіндік беретін әрдайым дамып отыратын екі жақты және көпжақты келісімдер жүйесі және органдары бар. Азаматтық қоғам ұлттықы да халықаралық қатынастардың субъектілері болып табылады. Олардың алдында тұрған мәселелер ұлттық-мемлекеттік ауқымда (экологиялық, құқық қорғау және басқа да ұйымдар) тиімді шешілмеуі мүмкін. Олар өздерінің мәселелерін шешу үшін бұқаралық қозғалыстар ұйымдастыру және үкімет пен халықаралық ұйымдарға қысым көрсету жағдайында болады.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының маңызды мәселесін қарастырайық. Біз өзімізге, өз жерімізге және оның қойнауларына өкім жүргізе алатын тәуелсіз мемлекет боддық. Бірақ мындаған жылдар бойы жер қойнауы ашылмай жатты, біздің ата-бабаларымыз жердің үстіңгі қабатын ғана пайдаланды. Біздің ұлттық байлығымыз көпқатпарлы екендігін, оның ең маңыздысы оның қойнауында жатқандығын түсіне бастадық. Алайда қазіргі кезде бұл — менікі, оны мен ешкімге бермеймін принципімен өмір сүруге болмайды. Бізге жатын алып жақсы өмір туралы аңсауға тағы болмайды. Жер қойнауының табиғи байлықтары шектеулі. Сондықтан қажет болған жағдайда оны алуға болады, бірақ ысырапқа жол берілмеуі керек. Біздің ұлы даламыз қаншалықты кең болса да Қазіргі кездегі қаруланған әскерге оны жаулап алу түкке тұрмайтындығын ескергеніміз жөн. Сол себептен Қазақстан үшін өз қауіпсіздігінің халықаралық кепілдігін алу аса маңызды, ал бұл үшін ұлттық байлығымызды басқалармен бөлісу қажет. Қазіргі халықаралық қатынастар дүниедегі екі саяси жүйені, (капитализм және

социализм) жокқа шығару жағдайында дамуда және мемлекеттер өзінің сыртқы саясатын анықтағанда халықаралық қатынастардың осы ерекшелігін басшылыққа алуы керек.

ұтастай алғанда, қазіргі халықаралық жағдайға адамзат тегінің өсіп отырған субъектілігі айтарлықтай әсер етеді. Аса ірі мәдени потенциал жинақталған. Адамзат практикалық өрекеттің аспабы ретінде табиғаттың дүлей күштерін пайдалануға қабілетті. Адам табиғаттың тылсым құпияларын тани отырып, қоршаған ортаның өзгертушісі болады. Осының барлығы адам әрекетімен жүзеге асады. Адамзат субъект ретінде әрекет ететін өз мүдделері бар және оларды іске асыруға ұмтылатын әрқилы құрылымдарға бөлінген: құрлықтар, аймақтар, мемлекеттер, нәсілдер, этникалық құрылымдар, ұлттар, таптар, сословиелер, әлеуметтік топтар. Олардың өзара қатынасы саяси шынайылықты құрайды. Халықаралық қатынастар осы саяси шынайылықтың бір бөлігі болады. Олар, ең алдымен, мемлекетаралық қатынастар ретінде қызмет етеді, өйткені саяси қатынастардың барлық субъектілерінің мүдделері мемлекеттік саясатта көрінеді. Мемлекет оларды мемлекеттен тыс халықаралық аренада көрсетеді. Барлық мемлекеттік құрылымдар халықаралық аренада әрекет етеді және байланыстың ерекше мемлекетаралық каналын — дипломатия мен дипломатиялық қызметті қалыптастырады. Мемлекеттің дипломатиялық қызметі өкілдік және ақпараттық тәрізді екі негізгі функцияны атқарады. Осы функциялардың екеуі де мемлекеттің табысты халықаралық қызметі үшін аса маңызды.

Бақылау сұрақтары

1. Халықаралық саясат дегеніміз не?
2. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар қалай дамуда?
3. Қазақстан қандай мемлекеттермен тығыз байланыста?

Тақырып №13 Әлеуметтанудың ғылым ретінде пайда болуы және қалыптасуы

Жоспар:

- 1. Әлеуметтануның қалыптасуы.**
- 2. Әлеуметтану дербес ғылым ретінде.**

Әлеуметтану қалай пайда болды, оның алғы шарттары, шығу себептері қандай, оның ғылым болып қалыптасуына қандай қозғаушы күштер түрткі болды?

Бұл сұрақтарға бірден жауап беру емес оңай емес. Өйткені әлеуметтанудың шығуының түп-тамыры көне заманға ұласады. Қоғам, қоғамдық өмірдің болғанын біз антикалық философиядан, біздің жыл санауымыздан бұрынғы VI ғасырда өмір сүрген ұлы ойшылдары Платонның “Заңдар”, “Мемлекет туралы” еңбектері мен Аристотельдің “Саясат”, т.б. еңбектерінен кездестіреміз. Бұл мәселелер жаңа дәуірде Макиавелли, Руссо, Гоббс, т.б. еңбектерінде де өткір тұжырымдалған.

Осы тұрғыдан алғанда әлеуметтану ғылым ретінде көне немесе қайта өрлеу дәуірлерінде қалыптасты деп айтуға бола ма деген заңды сұрақ туады. Әрине, жоқ. Бұл жерде әлеуметтанудың жетекшісі -әлеуметтік философия өмір сүріп, онда қоғам, адам, осылардың дамуы туралы мәселелер қойылып, өзінше шешілді десек орынды болар еді.

Әлеуметтану қалай пайда болды, қай уақытта, оның өмірге келуіне қандай алғышарттар себеп болды, т.с.с. сұрақтарға ғылыми дұрыс жауап беру үшін біз ғылымдардың шығуы мен дамуы зертейтін “Науковедение” атты кітаптың деректеріне сүйенеміз.

Бұл ғылымның ұйғарымы бойынша, әлеуметтану XIX ғасырдың 40-жылдары, оның негізін салушы француз оқымыстысы Огюст Конттың 1839 жылы “Позитивтік философия курсы” атты еңбегі шыққанан кейін пайда болған. О.Конт бұл 6 томдық еңбегінің 3-ші томында “Социология” деген ұғымды бірінші рет қолданып, қоғамды ғылыми негізінде зерттеп білуді міндет қойды.

Ұғамды ғылыми негізінде зерттеу қажеттілігі - әлеуметтану ғылымының пайда болуының және қалыптасуының басты себебі болды.

Өзінің даму кезеңінде әлеуметтану төрт негізгі кезеңнен өтті.

1-кезең. Әлеуметтану ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың 20-30 жылдарының басында қоғамдық құбылыстарды баяндай сипатында болды. Бұл кезеңде әлеуметтану философиядан бөлініп шығып, қоғамды зерттеудің, түсіндірудің жаңа ғылыми, әдістемелік тұжырымдарын іздестіре бастады.

Әлеуметтану дамуының алғашқы кезеңінің өзінде-ақ осы ғылымның пайда болуын, дамуын түсіндірмекші болған бірнеше мектептер, бағыттар, ілімдер қалыптасты. Бұл кезеңде әлеуметтанудың қолданбалы саласы қалыптаса бастады.

2-кезең. Қолданбалы әлеуметтану ХХ ғасырдың 30-60 жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде әлеуметтанудың әдістемелік және әдістік аппаратын дайындау басталды, әлеуметтану эксперименталды (практикалық) ғылымға айналды. Оның әр түрлі ақпарат құралдары қалыптасып, математикалық аппаратты кеңінен қолдана бастады.

3-кезең. ХХ ғасырдың 60-90 жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде әлеуметтану өткен кездегі әлеуметтанудың теорияларын, алуан түрлі ой-тұжырымдарын өміре қолдана бастады. Қазіргі кезде Батыс елдерінде парламентті және президенттерді сайлаулардың қарсаңында нақтылы әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп, саяси серіктестердің сайлауын қамтамасыз етіп отырды.

4-кезең. Бүгінгі таңда әлеуметтану әлемдік шеңберде жүйелі білімге айналды. Бұл кезеңде әлеуметтану ғылымында алуан түрлі тұжырымдамалар, көптеген теориялар пайда болды.

Әлеуметтану тарихына үңілсек, бұдан мыңдаған жылдар бұрын грек ойшылары Сократ, Платон, Аристотель, т.б.әлеуметтануға қатысты мәселелермен айналысқанын байқаймыз. Олар қоғам дамуының кейбір мәселелерін қарапайым түрде қарағандарымен, көптеген ұнамды, жақсы

ойлар айтқан. Бірақ, әлеуметтану ол кезде өз алдына дербес, тәуелсіз ғылым болып әлі қалыптасқан жоқ еді.

Бақылау сұрақтары

- 1. Әлеуметтану дегеніміз не?**
- 2. Әлеуметтану дербес ғылым ретінде?**
- 3. Әлеуметтану қалай қалыптасты?**

Тақырып №14: Қазіргі әлемдегі адамның мәселелері мен міндеттер

Жоспар:

- 1. Әлемдегі адамдардың негізгі мәселелері.**
- 2. Әлемдегі адамдардың негізгі міндеттері.**

XXI ғ. басында ғылымның қолдану аясының кеңейуі жаңа технологияны игеріп өнеркәсіпті елдерде өмір сүретін миллиондаған адамдардың тіршілігінің өзгеруіне және оларды жаңа экономикалық жүйеге біріктіруге алып келді. Әлемдегі елдердің ғылыми байланыстарының аясы кеңейіп, әлемдік ғылыми біртұтастық пайда болды. Осы қалыптасқан әлемдік ғылыми біртұтастық, бүкіл дүниежүзілік экономикалық бірігудің алғы бастамасы болды. Ғылымға озық технологиялық табыстары мен жетістігіне сүйеіген дүниежүзілік өнеркәсіптің қарқынды дамуы, адамға әлемді сезінудің оптимистік түрі, табиғатты игерудегі қабылеті мен мүмкіндіктерінің мол екендігіне сенімі артып, соған тән сипаттардың туындауына қызмет етті. Адам өз болмысының ғаламат ғарыштылығын сезінді.

Бүгінгі күні әлемдік мәдениеттің тағдырына екі көзқарас - оптимистік және пессимистік пікірлер қалыптасқан. Алғашқыларының сендіруінше әлемдік мәдениет дұрыс жолмен даму үстінде, келешекті ғылым мен техниканың дамуы, ақпараттық құралдардың жетілуі рационалды ұйымдасқан экономиканың өсуімен байланыстырып, батыс мәдениетінің архиптік құндылықтары батыстық өмір сүру тәртібі ең дұрысы деп есептеледі. Орыстың ойшыл-философтары (Н.А.Бердяев, Е.Н.Трубецкой, С.Л.Франк т.б.) айтуынша индивидуализм, қоғамның атомдануы, өмір талғамының тоқтаусыз

өсуі, соған сай жоғары технологияға негізделген өнеркәсіптің қарқынды дамуы, тұрғылықты халық саны мен тұтынушы қажеттіліктің шексіз өсуі, рухани өмірдің бәсеңдеп, сенімсіздіктің пайда болуы - адам өмірінің сипатын, оның стилін өзгертіп, табиғат ырғағынан айырып, индустриалды-капиталистік жүйенің қалыптасуына алып келді. Машиналар мен техниканың қарқынды дамуы және олардың адамзатқа билігі тарихта екі дүниежүзілік соғыстың болуын, әлеуметтік капитализмнің ерекше дамып, ашаршылық пен құлақ естімеген ауруларды, атомдық қатерді, күрделі экологиялық және антропологялық дағдарыстарды, адамгершілік пен моралдық жалпы руханилықтың дағдарысын тудырды. Қазіргі заманғы көптеген ойшылдар М.Хайдеггер, К.Ясперс, Л.Мэмфорд және т.б. мәдениет пен өркениеттің дағдарысын озық техника мен жоғары технологияны орынсыз қолданумен байланыстырады. Ресейлік ғалым В.А.Лекторскийдің пікірінше «Дамудың біржақты технологиялық, технократтық ізбен сипатталатын қазіргі мәдени ахуалда толыққанды гуманитарлы білімі жоқ адам тұлға ретінде жеткіліксіз және сыңаржақты болып табылады. Адам қоғамда әрі жасампаз жасаушы, әрі талқандаушы ролін атқарып отыр. Болашақта адам мен дүние арасындағы дағдарыс шиеленісіп, тіпті жалпы адамзат әлемінің жойылып кетуіне қатер төнді. Бұрынғы гуманизм жетістіктерінің дағдарысқа, күйзеліске ұшырағандығын айта келіп Н.А.Бердяев адам мен қоршаған орта арасына қарама-қарсылық антропоцентризм көзқарасына адамның табиғатқа үстемдік орнатуындағы менменшіл, озбырлық қасиеттеріне алып келгенін атап көрсеткеп.

Адамдардың барлық мәселелерді шешуде алдымен мәдени, рухани құндылықтар тұруын ойлауға тиіс екендігіне мән береді. Ал адам мен қоғам арасындағы шиеленіс идеясын дәлелдеп, толығырақ анализ жасаған неофрейдизм бағытының негізін қалаған Э.Фромм өзінің психоанализ түсінігімен қазіргі адамның жағымсыз агрессиялық қасиеттерін - қирату, талқандау іс-әрекеттерін көрсетіп, олардың өз өмірін құрбандыққа шалу сияқты және басқа да жат қылықтарға мінездеме берген. Бұдан құтылу үшін

Э.Фромм адам өмірінің мән мағынасы, моральдық және этикалық нормаларына сүйеніп, адам қалай өмір сүру керек, ол үшін не істеуі керек деген мәселелерге тоқталып, әрбір адам оны өзінің ішкі қасиеттерінен іздеуді және оны дамытуды ұсынады. Адамның гуманистік бағыттағы шекті мүмкіндіктерін дамытуға шынайы өмір сүрудің әдіс-тәсілдерін игеруге ықпал жасау қажеттігіне мән береді. Осы заманда, қазіргі адам табиғи адамзаттан айтарлықтай өзгеріске ұшырады деуге болады. Бұл өзгерістер оның тек әлеуметтік мінездемесіне ғана емес, биологиялық сапасына да әсер берді. Қазіргі адамдағы осындай өзгерістер өмірдегі заңды процестерге байланысты.

Адамзаттың ғаламдық мәселелерінің шешу жолдарын табу үшін алдымен оның өзара тұтас байланыста бірлікте болатын адамзат қоғамдастығының дүниежүзілік проблемалар толқынының өткірлігін кеңдігін ұғынып түсініп алуды қажет етеді. Ол үшін жаңа саяси ойлау қажет. Бұл дегеніміз барша мемлекеттер және халықтар проблемалары ортақ бір планетарлық экипаждың (ұжымның мүшесі) ретінде сезіну. Адамзаттың техногендік замаида аман сау әрі қарай өмір сүруі, саясат пен халықаралық қатынастарда зорлық-зомбылықты болдырмауға, ядролық қарусыз дүниені құруға және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды мойындап, олардың әлеуметтік және ұлттық мүдделерін ең биік бірінші орынға қоюды қажет етеді. Ғаламдық мәселелерді шешу міндетті түрде адамзат дамуының тұрақты әрі тиімді жолы іздеп табу. Қазіргі адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету және оны қанағаттандыру, келешек ұрпақтың несібесінің есебінен болмауы керек. Бұл Қазақстан үшін өте маңызды. Өйткені Қазақстан Республикасы жаңа индустриалды-инновациялық қоғамдық қатынастарға және құндылықтар жүйесіне енді қадам жасауда. Ғылыми бағытталған нарықты қажет етеді.

Бақылау сұрақтары

1. Жалпы әлемдегі адам үшін негізгі мәселе не болып табылады?
2. Бұл мәселелер адам өміріне қандай кері әсерін туғызады?
3. Осындай жағдайларға байланысты адам өзіне қандай міндет қою керек?

Тақырып №15 Әлеуметтанудың негізгі түсінігі

Жоспар:

1. Әлеуметтанудың негізгі түсінігі.

2. Әлеуметтанудың негізгі міндеті.

Әлеуметтану — қоғамның қалыптасуы, жұмыс істеуі және даму заңдылықтары туралы ғылым. Әлеуметтану фактілерді, үдерістерді, қатынастарды, жеке тұлғалардың, әлеуметтану топтардың қызметін, олардың рөлін, мәртебесі мен әлеуметтану мінез-құлқын, олардың ұйымдарының институты.

Әлеуметтік фактыларды ғылыми бақылау мен топтастырып жіктеудің алғашқы әрекеттері біз үшін Платонның "Республикасы" мен "Зандарында" және Аристотельдің "Саясатында" сақталып қалды, бірақ олардың бәрі тек алғашқы талпыныстар болған еді. Алайда, осынау шығармаларда тұтас алғанда қоғам азаматтық қауымға немесе мемлекетке ұйымдасу ретінде қарастырылады, ал Рим империясы заманында, орта ғасырларда және Ағартушылық ғасырларында әлеуметтік құбылыстарды барлық ғылыми зерттеулер тым үзік-үзік болды. Бұл зерттеулердің кейбіреулері экономикалық, енді біреулері - заңгерлік, үшіншілері - шіркеулік, төртіншілері - саяси сипатта болды. Ешкім де ассоциация мен әлеуметтік ұйымды толық күйінде сипаттауға талпынған жоқ; ешкім де нақты өмір тұтастығын түсінуге бас қатырған жоқ. Тек ағымдағы ғасырда ғана ғылыми әдістер бұл ауқымды міндетті шешуге жүйелі қолданыла бастады, және де ол қолданылғанан кейін зерттеуде басқа салаларындағы секілді, қоғамды зерттеуде, ол әдістер өзін білімнің ортақ жиынтығына елеулі үлесімен молынан марапаттады. Қазіргі кезде біздің қолымызда әлеуметтік қатынастар жөнінде сыннан өткен және ой елегінен өткен, тез ұлғайып келе жатқан білім қоры бар. Енді біздің қолымызда тұтас күйінде қарастырылған қоғамды суреттеу және түсіндіру деп анықтама беруге болатын әлеуметтану бар деп кесіп айту тым қауіпті емес. Ол әлеуметтік құбылыстар туралы ортақ ғылым.

"Әлеуметтану" сөзін тұңғыш рет Огюст Конт өзінің "Позитивтік философия курсында" позитивті философияның бір бөлігін құрайтын ауқымды әлеуметтік ғылымның атауы ретінде пайдаланды. Конт бірінші болып осы ғылым элементтерін көлденең материалдар, идеялар мен әдістер атаулыдан тазарту қажеттігін айқын көре біліп, бірінші болып барлық шынында да қажетті элементтерді бір ұғымға біріктірді. Платон мен Аристотель саясатты этикадан немесе саясат ғылымын саясат өнерінен ешқашан ажыратқан емес. XVIII ға-сырда саясат ғылымы революциялық рухпен біржола біріктіріліп жіберілді. Гоббс та, Монтескье де, экономистер де қоғамды оның барлық түрлерінде зерттеген жоқ, және, Конт: барынша қарыздар Юмның ықпалына карамастан, оның себептілік ұғымындағы ақиқат атаулы әлеуметтік түсіндірмелері әлі едәуір дәрежеде теологиялық және метафизикалық болып қала берді.

Бақылау сұрақтары

1. Әлеуметтану қандай қызмет атқарады?
2. Әлеуметтану қалай пайда болды?
3. Әлеуметтану немен тығыз байланыста болады?

Тақырып №16 Әлеуметтік жалпы зерттеулер

Жоспар:

1. Әлеуметтік зерттеу бағыттары.
2. Әлеуметтік зерттеу сатылары.

Әлеуметтік зерттеулер - әлеуметтік, қоғамтанулық зерттеулердің бір түрі, қоғамды жекелеген ғылымдардағы арнайы және нақтылы-әлеуметтік зерттеулерде жалпытеориялық және әдістемелік негіз, "өзегі" ретінде қарастырады. Әлеуметтік зерттеулерді бір жағынан, жалпылама, абстрактылы, қоғамды өзіне тән әмбебап белгілеріне, мәніне, бүкіл әлем заңдылықтарына сай зерттейтін әлеуметтік-философиялық зерттеулерден ажырата- тып қарау керек; екінші жағынан, қоғамдағы нақтылы, арнайы ғылымдардағы - саясаттану, экономикалық теория, мәдениеттану, әлеуметтік

психология, құқықтану, этнология және т.б. - әлеуметтік зерттеулерден бөліп қарау керек. Бұнда қоғам әлеуметтік біртұтас түрінде зерттелмей, оның кейбір жекелеген құрылымдары, бөлігі, саласы қарастырылады. Ә.З.-ге сай белгілер: әлеуметтік шынайылықты зерттеуге жүйелі көзқарас; әлеуметтік дәйектерге сүйену; эмпирикалық материалдар қолдану. Әлеуметтану құрылымына сай Әлеуметтік зерттеулер теориялық және эмпирикалық; негізгі және қолданбалы; макро, микро және орта деңгейдегі болып бөлінеді. Маңызы жағынан көпшілік Әлеуметтік зерттеулер бір әлеуметтік құбылыстың немесе процестің екіншісінен тәуелділігін анықтаудан тұрады.

Әлеуметтік топ — жеке тұлғалардың ортақ, ынтымақты, үйлескен іс-әрекетті жүзеге асырудағы қажеттіліктерін қамтамасыз ететін адамдар бірлестігінің, өзара әрекетінің негізгі түрі, бірігу дәрежесі әрқилы бірлестіктердің құрамын белгілейін өте кең ұғым. Жалпы, әлеуметтік топ ұғымы мүдделердің, құндылықтар мен жүріс-тұрыс нормаларының ортақтығы мен айырмашылықтарына орай халықтың жіктелуін бейнелейді. Қазіргі әлеуметтік ғылымдарда әлеуметтік топтар ретінде таптар, сословиелер, таптар және сословиелер ішіндегі бөлімшелер, этникалық, кәсіптік, жыныстық, жас ерекшелігіне қарай, мекендік, тұтынушылық, діни, білімі бойынша және басқа да топтар қарастырылады. Әлеуметтік топтар теориясында топтар үлкен, орта және кіші болып бөлінеді:

Кең мағынасында Әлеуметтік топ ұғымы адамдардың кез келген әлеуметтік бірлесуін – отбасынан, құрдастар тобынан елдің, тіпті, бүкіл адамзат қоғамына дейінгі түсінікті қамтиды. Бірақ әлеуметтануда көбіне тар мағынада - қандай да бір жеке, ұжымдық немесе қоғамдық мүдделер мен мақсаттарды жүзеге асыруды көздеген өзара әрекеттегі адамдар жиынтығы - қоғамның ішіндегі құрылым ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік топ мүшелері өздерін осы топқа жатқызады және де басқалар да оларды сол әлеуметтік топтың мүшесі ретінде мойындайды (Р. Мертон). Әлеуметтік топ санына қарай үлкен және кіші; әрекет етудің ұйымдасуы мен реттелуіне қарай ресми және бейресми болып бөлінеді.

Бақылау сұрақтары

- 1) Әлеуметтану нені зерттейді?
- 2) Әлеуметтану қандай функция атқарады?
- 3) Қоғамның әлеуметтік даму заңдылықтарын не зерттейді?
- 4) Қандай қызметте тұжырым мен іс әруақытта бірлікте болады?
- 5) Жаңа ақпараттардың болмауы қандай қиындықтар туғызады?
- 6) Әлеуметтанудың тәжірибелік бағыты дегеніміз не?
- 7) Әлеуметтану қоғамның қандай жоспарын жасау қызметін атқарады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі және қосымша әдебиеттер

1. Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалары. А, 1986
2. Асанқайғы-дала данышпаны. Егемен қазақстан 1998 28 қараша
3. Әбсаттаров Р. Билік пен бедел Қазақ әдебиеті 1999, 7, 9, 15, 19, 26 ақпан
4. Жамбылов Д.А. Саясаттану негіздері А, 1998
5. Саясаттануға кіріспе 1, 2, 3 бөлім А, 1994
6. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында А, 1996
7. Нұрпейісов Е.К. Котов А.К. Қазақстан мемлекеті хандық биліктен президенттік республикаға дейін. А, 1996
8. Политология под ред Нысанбаева А.Н. А, 1998
9. Ұлттық элита: қандай, қай сапада? Ана тілі Доңыз жылы 25-мамыр

Анықтамалық және оқу құралдары

10. Кенжебаев Саясаттану Оқу құралы А, 1998
11. Жамбылов Д.А. Саясаттану оқу құралы А, 1996. Бөкейханов Ә. Шығармалар А, 1994